



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы // Қазақтың Ата Заңдары. 10 т. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2. – 460 б.
3. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі мәдениеті. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 192 б.
4. Смағұлова А. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік. – Алматы, 2005. – 168 б.
5. Нурлин А.Қ. Қазақ әдет-ғұрып құқығы жүйесіндегі билер институты (XVIII-XIX ғасыр). Заң ғ.к. дисс. - А., 2004. – 136 б.
6. Нукетаева Д.Ж. «Қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде оқушыларға құқықтық тәрбие беру» Пед.ғ.к. – А., 2010 – 117 б.
7. Тұрғанбаева Б.Ш. «Қазақтың ежелгі дәстүрлі заң жүйесінің пайда болуы». Семей мемлекеттік педагогикалық институты.

УДК 340

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сатканова Гулдерайым

gulder_000@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Тәуелсіздік – мыңдаған жылда бір келетін бақ. Еуропаша айтқанда, феномен. Тәуелсіздік – жаңаша көзқарас пен айрықша серпілістің бастауы, арғы замандардан жеткен «мәңгі ел!» мұратының жалғасы. Ал Қазақстан азаттығының бірегей белгісі – тарих. Бостандық үшін күрескен бодан күн мен азаттылықтың баяндылығы үшін тер төккен бүгінгі күннің тарихы. Сол тарихтың алаулы, жарқын кезеңі – Алаш тарихы. Бұлай деу – ақылға да сыйымды, шындыққа да сәйкес. Алаш – рәміздік сөз. Алаш – ұлтты ұйыстырған ұран. Алаш – қазақ қоғамы тәжірибесіндегі жаңару мен серпілудің жарқын беті. Сол себепті тақырыбын ғылыми тұрғыдан зерделеу – жалпы Қазақстан үшін, елдің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық (приоритет) болып қалмақ. Бүгінгі қоғамның рухани дамуы – сан салалы, сан қырлы құбылыс. Елбасы мен елшіл зиялылар жүйелі айтып жүрген мәдени мұра арқылы тәуелсіз елдің тарихи жадын жаңғырту, бекемдеу; қазақ тілін Қазақстан халқын біріктіруші құбылыс есебінде дамыту; әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарға жаңа серпін беру секілді мемлекеттік маңызы бар істерге ат салысу – алаштану бағдарын айқындайтын әрі негіздейтін фактор ретінде қаралуы қажет. Сөздің басын Алаш партиясына беттейтін болсақ, ол – 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен II жалпықазақ съенде құрылған қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Бүгінгі тілмен айтсақ, бағыты «социал-либералдық» дегенге келеді. Партия бағдарламасы осы жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Бағдарлама құрылымы «Мемлекет қалпы», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік һәм сот», «Ел қорғау», «Салық», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйрету», «Жер мәселесі» атты 10 бөлімнен тұрады. Мұнда Алаштың демократиялық және құқықтық бағытты ұстанатындығы анық жазылған. Партия мүшелері ел ісіне, халықаралық байланысқа адалдығын, жауапкершілігін танытты.[1,36] Алаш бағдарламасы барлық алаш жұртының құқықтары мен бостандықтарын растайтын құжат ретінде қарастырылды. Партия да, бағдарлама да жоғарғы шенеуніктерге кенедей жабысқандай тезірек құтылғылары келген-ді. Алаш қайраткерлерін де осы үшін жазалап, қастандықпен қырып отырды емес пе? Алаштың бір сөзбен айтқанда құжаты ол - бағдарлама. Осы бағдарлама және партия хақында бірнеше ғалымдардың пікірлеріне тоқталайық: Тарихшы, академик Кенес Нұрпейісұлы қабылданған бағдарламаға қатыстыөзінің берген сұхбатында айтылған бірер сөздерге тоқтайтын болсақ: «XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына

буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықтышландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда, бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазатың ат төбеліндей ас ғана тұңғыш интелегенттері ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты» делінген. Тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы, Мәмбет Қойгелді де бағдарлама, партия жайында пікірін білдірді: «Зиялалыр тобы шетінен ғылыми талдауға сүйенді, ғылымның кшіне сенді. Ерекшеліктері де сонда. Тағы бір айтатын нәрсе, бұлардың кереметтігі сол – өз заманына лайық жаңа технологияларды, жаңа әдіс құралдарды өздерімен бірге ала келді. Мысалға, «Қазақ» деген ұлттық газет шығарды (кейіннен Алаш бағдарламасы жарияланған болатын), «Айқап» журналын, баспа басылымдарын, мыңдаған таралымдармен шығарды. Сол арқылы халықты оятамыз, ағартамыз, сөйтіп, халыққа өзінің жағдайын түсіндіреміз, содан кейін алдына міндет мақсаттар қоямыз деді. «Қазақ» газетінің 21 қараша күнгі санында «Алаш» партиясының бағдарламасы басылып шығады. Онда: «Алаш» партиясы ғәділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. ... Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғәділ жолмен салынады. Қазақ жерінде зауыт фабрика өте аз, соған байланысты қазақтың жұмысшыларының да саны өте аз. Ал бар жұмысшылар заң панасында болады. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик тобының программасын жақтайды», - деп жазылады. Филология ғылымының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай: «Алашорданың мақсаты біртұтас қазақ мемлекетін құру еді», - дейді және Алаш партиясының ұстанған 5 ұстанымының атап көрсетеді. Олар: Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік Қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Үшінші ұстаным: Бірлік. Төртінші ұстаным: Ұлттың тілі, діні, ділі, үстемдігі. Бесінші, түпкі мақсат: тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Жалпы осы мақсат-міндеттерді қазіргі таңдағы конституциямызға, бағдарламымызға енгізу ұсынысын жаңғырту керек. «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, Сұлтан хан Аққыұлы сұхбатында: «Алаш идеясы өз ұлтыңды, өз жеріңді, өз еліңді, өз тіліңді, мәдениетіңді сүю, қадірлеу, және осыларды алға дамыту болды. Қазір Қазастанда идея көп, бірақ идеология жоқ», - дейді. Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚРенбек сіңірген ғылым қайраткері, Тұрсынбек Кәкішев өзінің берген сұхбатында да Алаш партиясының, бағдарламасының, идеясының артықшылық тұстарын айқын атап көрсетеді. Алаш идеясы халықтың рухын көтергенген, өр идея болғандығын айтады.[2,5-346] Ғалымдардың пікірінен кейін енді бағдарламаға қайта оралсақ. Алаш партиясы либералды демократияның идеяларын ұстанатындығы белгілі. Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жүйесі жөніндегі бағдарлама жобасындағы ұсыныстардың мәні де либералды болып келеді. Жалпы құқық саласына да қатысты Алаш бағдарламасында кенде қалған емес, оған мысал, төмендегідей либералдық құндылықтарға қолдау көрсетілген:

- теңқұқылық («... діни нанымына, шығу тегіне және жынысына қатыссыз адамдар тең құқылы»);
- тұлғаның еркіндігінің сақталуы («мемлекеттік шенеуніктер заңсыз жолмен ешкімді ұстай алмайды»);
- тұрғын үйге қол сұқпаушылық («мемлекеттік қызметшілер қожайынның рұқсатынсыз ешкімнің тұрғын үйіне кіре алмайды»);
- кінәлі екендігін дәлелдеу керектігі («соттың қарауынсыз және шешімінсіз бас бостандығынан айырмау»);
- «жиналыстың, бірлестік құрудың, сөздің, газет, кітап шығарудың еркіндігі».

Сонымен қатар, либералдар манифесі «жеке меншікті иелену құқығы мен жеке бастамамен сөйлеу құқығы»; «тұтынушылық еркін таңдау құқығы мен жердің құнарлылығы мен адамдардың еңбекқорлығынан пайда көру мүмкіндігі» сияқты азаматтардың негізгі құқықтарына ерекше назар аударады.

Алаш бағдарламасының жобасы бойынша дін мемлекеттен бөлек болуы керек, барлық діндер теңқұқылы, дінге сенудің және діни нанымның еркіндігі жария етіледі.

Бағдарламаның кейбір ережелері Ресей отарлау саясатының зардаптарын жоюға бағытталған еді. Жер реформасын жүргізгенде «бұрын қазақтардың переселендер үшін қоныстанған жерлермен қоса қайтарылуы керек»; «қазақ тілінде оқытатын орта мектептер мен университеттер ашылуы керек» делінген.

Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық бөлімінде либералдықпен қатар әлеуметтік-демократиялық элементтер де бар. Мысалы, «салық жалпы байлық пен әл-ауқат деңгейіне байланысты алынуы керек, бай көп төлейді, кедей - аз». Қазақстанда фабрикалар мен зауыттар аз болғандықтан, Алаш партиясы бұл мәселе бойынша социал-демократтардың – меншевиктердің бағдарламасын қолдайтыны да бағдарламада байқалады. [3,36] «Қазақ автономия болуға ма, болмасқа ма? Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы? Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болуға ма? Екінші, уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма? Қазақ, сірә, өз алдына автономия бола алар ма, әйтпесе басқаларға қосыла бола ма?» деген мәселелерге алаш қайраткерлері ерекше ден қойған-тын. Сондықтан алдымен бұл екі автономияның арасындағы айырмашылықтарды олар былайша қарастырды: «Мемлекеттік автономия болса, өз Г. Думасы болмақ; өзіне керек заңдарды сол Думасы шығармақ; Ақшасын өзі жасап шығармақ; Барша шаруашылық ісі, теміржол, почта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ; Жер-суының билігі де өзінде болмақ; Өз алдына әскер ұстамақ; Қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі ғана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, почта, телеграфы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттің Г. Думасына өкілдерін жібереді. Өз Думасы сол жалпы мемлекет Думасында шыққан заңға қайшы келместей заңдарды шығаруға ықтиярлы болады. Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады» [4, 396б].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан, 2011ж. 13 қыркүйек, 3-бет.
2. Аңыз адам, 2014 ж. №24, 5-34 бет.
3. Егемен Қазақстан, 2001ж. 7 желтоқсан, 3-бет.
4. Алаштың талапты азаматына, «Қазақ» газеті (Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов). Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 396 б.

УДК 340

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТЕГІ ЭЛИТА МӘСЕЛЕСІ

Сүлеймен Назерке

naz__erke@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Элита - әлеуметтік стратификация жүйесіндегі ең жоғарғы стратасы. Ағылшын тілінде elite деп XVI ғ. жоғары сапалы тауарлар, XVIII ғ. - іріктелген әскери бөлімдер аталды. Бұл ұғым генетикада, тұқым шаруашылығында ең жақсы, жеке дара, өзгешелерді атауда қолданыла бастады. XIX ғ. ұғым әлеуметтік иерархия жүйесінде жоғарғы страталарға қатысты қолданыла бастады. Алғаш әлеуметтану саласына енгізген **Вильфредо Парето** болды. Кейінгі элита теориясының негізін салушылар *Платон, Н.Макиавелли, Ф.Ницше* болды. Тұтас көзқарастар жүйесі ретінде элита теориясын *Г. Моска, В. Парето, Р. Михельс*